2-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Халықаралық бизнес этикасы

Этика – философия, мораль нормаларына сүйенетін, ізгілік нормаларының бір түрі. Халықаралық бизнес этикасын жақсырақ түсіндіру үшін мынадай мысал келтірейік: Белгілі бір А дамыған мемлекетіндегі химиялық зауытты Б дамушы немесе дамымаған мемлекетке релокация жасау жағдайын қарастырайық. Ең алдымен бұл мемлекеттен химиялық зауытты басқа мемлекетке не үшін көшірілетінін түсіну қажет. Дамыған мемлекеттердің экологиялық талаптары жоғары болуы мүмкін, ал химиялық зауыт бұл талаптарға сай келмейді. Сондықтан экологиялық талабы төменірек өзге мемлекетке көшіруді жөн деп санайды. Бұл жерде инвестор негізгі шешімді шығаратын актор. Бұл химиялық зауыттың көшірілуінен А мемлекетіндегі жұмысшылар жұмыссыз қалады, ал Б мемлекетіндегі адамдар жұмысқа орналасады, бірақ олардың еңбек ақысы төмен бағаланады. Инвестор үшін тағы бір қолайлы жағдай – дамушы мемлекетке көшкен кезде шикізат көзі жақын орналасып, қолжетімді болады. Ал, енді осы жағдайды халықаралық бизнес этикасының бірнеше көзқарастары бойынша қарастырып көрейік. Бірінші көзқарас – утилитаристік көзқарас. Утилитаризм дегеніміз пайдакүнемдік. Бұл жерде инвестор зауытты дамушы мемлекетке көшіруде өз пайдасын ойлауы. Әрине, зиянды жақтарын да есептеп, саралайды. Себебі зауытты басқа мемлекетке көшіру аз шығын әкелмейді, көшіретін мемлекеттің үкіметімен келісім жасауы керек, сол елдің заңына сәйкес сол елдің азаматтарын жұмысқа алуы керек, оларды үйретіп, барлығын жаңадан бастағандай болуы керек. Инвестор барлық шығындарды есептеп, зауытты көшіру соңында үлкен пайда әкелетініне көзі жетсе, шешім инвестордың пайдасына орай шешіледі. Бірақ бұл шешімдер абсолютті түрде шығарылмайды. Мәселен, А мемлекетінің жұмыссыз қалған жұмысшыларының, олардың отбасыларының жағдайы немесе Б мемлекетіндегі жұмысшылардың денсаулықтарына химиялық зауыттан келетін зияны, сол мемлекеттің тұрғындарына, болашақ ұрпағына тигізетін теріс әсері бағаланбайды. Екінші көзқарас – құқықтар мен міндеттер этикасы. Бұл жағдайда А мемлекетінен Б мемлекетіне зауытты көшірген жағдайда қандай да бір субъектілердің құқықтарына зиян келмеуі керек. Егер де құқықтар бұзылса, инвестордың міндеттері пайда болады. Дамушы мемлекеттің үкімет басшылары көптеген мәселелерге көз жұма қараса, химиялық зауытты көшіруге рұқсат беретін болса, сол мемлекеттің тұрғындарының денсаулығына, өміріне, зауытта еңбек ететін адамдардың еңбек ету, демалу, өмір сүру құқығы, тұрғылықты жерін ауыстыру сияқты құқықтарға әсер етеді. Егер жұмыскерлердің денсаулығына зиян келтірілетін болса, инвестор сол қызметкерлердің денсаулықтарын қалпына келтіретін өтемеақылар төлейтін міндетке ие болады. Үшінші – аретологиялық көзқарас немесе аретологиялық этика. Бұл ізгілік этикасы деп аталады. Осы жағдайда субъектілер өздерінің іс-әрекеттері бойынша құқық бұзушылықтардың жазасынан қорқып емес, шын ниетімен оларды болдыртпаудың амалын жасаулары тиіс. Мысалы, көптеген компаниялар корпоративтік нормалар немесе атақ-абырой кодексі сияқты ішкі нормаларды шығарады.

Аристотельдің пікірінше, ізгі ниеттер әрқашан дұрыс нәрсеге жетелейді. Төртінші көзқарас – қамқорлық этикасы. Бұл этика феминистік парадигмадан бастау алады. Қамқорлық этикасы А дамыған мемлекеттен Б дамушы мемлекетке зауытты көшірер кезде, тек қана инвестордың құқығын ғана емес, сол зауытқа жұмысқа орналасатын қызметкерлердің, олардың отбасыларының, қоғамның, мемлекеттің құқықтары, субъектілердің құқықтары мен міндеттерін есепке алу, қамқорлық жасау. Зауытта жазатайым жағдай болып қалған уақытта, оның өтемеақысын төлеу жағдайлары қарастырылу керек. Осы тұрғыда халықаралық бизнес транзакциясы кезінде жоғарыда аталған бизнес этикаларының қайсысын қолдану керек деген сұраққа жауап беріп көрейік. Біздің ойымызша, барлық этика түрлерінен аз-аздан қолдану дұрыс. Кез келген халықаралық бизнес транзакциясы кезінде ешкімнің құқықтары мен бостандықтарына шек қойылмауы керек.

Әйгілі ағылшын философы адамның негізгі құқықтары туралы концепцияны қарастырған. Оған өмір сүру құқығы, демалу құқығы, еңбек ету құқығы жатады. Бұл құқықтар Біріккен ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған, Адам құқықтарының декларациясында да қарастырылған. Сондай-ақ, Біріккен ұлттар ұйымының қабылдаған резолюциясы бойынша барлық адамдар және мемлекеттер тұрақты дамуға құқылы. Егер А мемлекетінен Б мемлекетіне көшірілетін зауыттың мәселелері белгілі бір адамның құқықтары мен бостандықтарын шектейтін болса, онда бұл зауытты көшіру мәселесі қайта қарастырылу керек.

Халықаралық бизнес этикасына сай келмейтін сыбайлас жемқорлық мәселесі бар. Жалпы халықаралық бизнес этикасы философиялық нормаларға негізделген, ешқандай заңдарда жазылмаған, адамдардың түйсіктерінде қалыптасып кеткен нормалар болып табылатынын қайта еске сала кетейік. Ал сыбайлас жемқорлыққа қатысты актілердің барлығы заңмен реттеледі. Егер біз атап өткен химиялық зауытты А мемлекеттен Б мемлекетке көшірген уақытта Б мемлекеттің үкімет басшылары болуы мүмкін қауіптерге көз жұма қараған болса, сыбайлас жемқорлықтың болуы мүмкін деген болжам жасауға болады, яғни инвестор өз пайдасы үшін үкімет басшыларына пара беруі мүмкін. Бұндай жағдайда құқықбұзушылықтың орын алуына жол берген бір ғана субъекті емес, осыған жауапты үкімет басшылары да, инвестор да жазаға тартылуы керек.

Америка құрама штаттарында сыбайлас жемқорлықты реттейтін арнайы заң бар. Егер Америка құрама штаттарының компаниялары немесе тұлғалары басқа елдерде сыбайлас жемқорлыққа жол берсе, осы мәселеде жауапты субъектіге қатысты істі қарастыруды Америка құрама штаттары сол компанияларды жауапқа тартуды/жазалауды өз мойнына алады. Әзірше басқа мемлекеттерде бұндай заң актілері жоқ.

Халықаралық бизнес этикасы мен экология мәселелерінің арақатынасы өте тығыз. Мысалы, егер А мемлекеті халықаралық бизнес этикасын сақтамайтын болса, Б мемлекетінің экожүйесі бұзылады. Оның салдарынан табиғи орта бұзылады, адам денсаулығына зиян келеді, жан-жануарлардың сиреуі немесе жойылып кетуі және т.б. мәселелер тууы мүмкін. Сондықтан, химиялық зауытты басқа мемлекетке көшірер алдында немесе су электр станцияларын салу кезінде осындай қатерлердің алдын алу үшін, халықаралық бизнес этикасы сақталуы қажет.

Қорыта келе, халықаралық бизнес транзакцияларын жүргізген кезде халықаралық этикалық нормаларды сақтау өте маңызды. Халықаралық бизнес этикасы бұзылып, бизнес транзакциялар жүргізілгеннің өзінде бұл жағдай уақытша көрініс табады. Кез келген бизнес субъектісі халықаралық нарықта үлкен пайдаға кенелгісі келсе, халықаралық бизнес этикаға сай қызмет істеуі тиіс.